

2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер мен субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 152 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 сәуірде № 7003 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 " Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген) сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- 1) Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидиялар нормативтері;
- 2) Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 242 "Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативін, сондай-ақ өлшемдері мен талаптарын бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6448 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 маусымда "Костанайские новости" газетінде жарияланған);

2) Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 24 "2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6820 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай
облысының әкімі

А. Мұхамбетов

Әкімдіктің
2017 жылғы 28 наурыздағы
№ 152 қаулысына 1-қосымша

Субсидиялардың нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Мал шаруашылығы			
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	6292
Жылқы шаруашылығы			
2.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	191
3.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	килограмм	322

Әкімдіктің
2017 жылғы 28 наурыздағы
№ 152 2-қосымша

2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттарындағы субсидиялар көлемдері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 13.12.2017 № 630 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, теңге
1	2	3	4	5
Етті мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу			
1.1	Тауарлық аналық бас			
1)	Базалық норматив	бас	52 370	523 700 000

	Қосымша норматив:			
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	14 260	114 080 000
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	4 945	29 670 000
1.2	Асыл тұқымды аналық бас			
1)	Базалық норматив	бас	19 275	192 750 000
	Қосымша норматив:			
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	7 587	151 740 000
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	2 215	33 225 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	2 525	356 207 536
Барлығы				1 401 372 536
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Асыл тұқымды аналық бас			
1)	Базалық норматив	бас	14 881	148 810 000
	Қосымша норматив:			
2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	5 369	107 380 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу			
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	101	16 419 000
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:			
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	39 397 983	984 949 575
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	15 893 780	240 583 130
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	килограмм	10 734 727	107 347 270
Барлығы				1 605 488 975
Мал шаруашылығы				
1.	Бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату			

1)	нақты бордақыланғаны 3000 бастан бастап	бас	2 511	112 995 000
2)	нақты бордақыланғаны 2000 бастан бастап	бас	896	31 347 023
3)	нақты бордақыланғаны 1500 бастан бастап	бас	596	17 880 000
4)	нақты бордақыланғаны 100 бастан бастап	бас	3 078	61 558 000
5)	ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	бас	10	200 000
2.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	6 197	38 991 524
3.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	467	46 700 000
Барлығы				309 671 547
Етті құс шаруашылығы				
1.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату			
1)	1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	3 414 062	170 703 100
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:			
1)	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	256 320 418	768 961 254

2)	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	75 872 104	189 680 260
3)	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	59 063 307	129 939 275
Барлығы				1 088 580 789
Шошқа шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	бас	20	1 020 720
2.	Шошқа еті өндіру құнын арзандату			
1)	нақты бордақыланғаны 3000 бастан бастап	килограмм	391 972	39 197 200
2)	нақты бордақыланғаны 2000 бастан бастап	килограмм	146 061	12 415 185
Барлығы				52 633 105
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	374	935 000
2)	тауарлы қойлардың аналық мал басы	бас	4 390	6 585 000
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу			
1)	тұсақтар	бас	47	376 000
2)	тұқымдық кошқарлар	бас	302	3 726 250
Барлығы				11 622 250
Жылқы шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	58	5 800 000
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	48	1 920 000
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	10 232	1 954 312
4.	Жылқы еті өндіру құнын арзандату	килограмм	22 148	7 131 656
Барлығы				16 805 968

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК